**Кенесары ханның 200 жылдық мерейтойын дайындау және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 23 тамыз N 127-ө

"Кенесары ханның 200 жылдық мерейтойын мерекелеуге дайындық туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 қарашадағы N 1440 P011440_ қаулысын орындау үшін:

1. Қоса беріліп отырған Кенесары ханның 200 жылдық мерейтойын дайындау және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Кенесары ханның мерейтойына арналған іс-шараларды қаржыландыру 2002 жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде тиісті мемлекеттік мекемелерге - бағдарламалардың әкімшілеріне көзделген қаражаттың шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің 2002 жылғы
23 тамыздағы
N 127 өкімімен бекітілген

Кенесары ханның 200 жылдық мерейтойын

дайындау және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар
Жоспары

| Р/с N | Іс-шара | Орындалу мерзімі | Орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | "Кенесары Қасымовтың басшы. лығымен ұлт-азаттық қозға. лыстың тарихы" ғылыми ең. бектерін басып шығаруды қамтамасыз ету (очерктер) | 2002 ж. караша- желтоқсан | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Жазушылар одағы (келісім бойынша) |
| 2 | Кенесары Қасымовқа арнал. ған халықаралық ғылыми конференция өткізу | 2002 ж. қыркүйек | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Жазушылар одағы (келісім бойынша) |
| 3 | Астана және Көкшетау қала. ларында Кенесары Қасымовтың туғанына 200-жыл толуына арналған мерейтойлық салта. наттар өткізу | 2002 ж. қыркүйек- қазан | Астана қаласының және Ақмола облысының әкімдіктері |
| 4 | Кенесары Қасымовтың өмірі мен қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету | 2002 ж. жыл бойы | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 5 | Оқу орындарында және кітап. ханаларда Кенесары Қасымов. тың өмірбаяны мен қызметін терең зерттеу жөніндегі оқуды дайындау және ұйымдас. тыру | 2002 ж. жыл бойы | Ақмола облысының әкімдігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 6 | "Алашта Кенекеме ер жетпей. ді" атты мерейтойға арналған республикалық ақындар айты. сын өткізу | 2002 ж. қыркүйек | Ақмола облысының әкімдігі |

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК